

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 2 ақпандағы N 110 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 3 наурыз N 289. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.08.03. N 1176 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қарудың жекелеген түрлері айналымын мемлекеттік бақылау туралы"  
Қазақстан Республикасы Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы"  
Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 2 ақпандағы N 110

P950110\_

қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

Аталған қаулының "Қазақстан Республикасындағы қарудың жекелеген түрлері айналымының ережелері" деген 1-қосымшасы мынадай редакциядағы 16-а қосымшасымен толықтырылсын:

16-а қосымша

Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Зоология және жануарлардың ген қоры институтының қызметкерлері үшін атыс қаруы мен оқ-дәрілердің тиістілігінің

ТАБЕЛІ

Рет	Ұйымның атауы	Атыс қаруы	
NN	(кәсіпорын),	_____	
	лауазымы	7,62 калибрлі	5,6 калибрлі "Барс"
		аңшы карабиндер	шағын калибрлі
		карабин	винтовкалар
1	2	3	4

---

## Териология лабораториясы

Жетекші ғылыми қызметкер	1	
Аға ғылыми қызметкер		2
Ғылыми қызметкер	1	1
Инженер	1	

## Орнитология лабораториясы

Аға ғылыми қызметкер		1
Ғылыми қызметкер		1

## Ескертулер:

1. Экспедиция кезеңінде штаттағы қызметкерлерді атыс қаруымен және оларға арналған оқ-дәрімен қамтамасыз ету үшін институттың 10 бірліктен аспайтын әскери үлгідегі калибрі 7,62 мм карабиндері болады.

2. Қолда бар қаруға оқтың қажеттілігі мынадай нормаларға сүйеніп есептеледі: жануарларды атып алу үшін - бір басқа 5 оқ, жыртқыш аңдардан қорғану үшін - бір карабинге 10 оқ, терісі қымбат аң мен құс атып алу үшін - әрбір теріге немесе құсқа 3 оқтан, үйрену мақсатына бір қару бірлігіне 10 оқтан.

Ұйымда сақтауда жатқан оқтың жалпы саны екі жылға қажетті мөлшерден аспайды.

3. Қару беру туралы экспедициялық жұмыстар жүргізу кезінде қажетті шешімді қаруды сақтау рұқсаты рәсімделген институт басшысы қабылдайды және ол тек оның жазбаша рұқсатымен беріледі".

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі